

Ж.С. Сейтаева, Т.Ғ. Маханов

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы, Астана, Қазақстан
(E-mail: seitaeva-zhanara@mail.ru)

Қазақстан Республикасының азаматтық құқығындағы диспозитивтілік: қағида, әдіс және азаматтық құқық нормасын сипаттайтын санат ретінде

Мақалада Қазақстан Республикасының азаматтық құқығындағы диспозитивтілік қағидасының ерекшеліктері және құқық ғылымындағы алатын орны қарастырылды. Цивилисттер диспозитивтілік қағидасын өздігімен талқылағанымен, бірақ оның нормативтік-құқықтық нақты түсінігі жоқ, тек біздер бұл түсінікті азаматтық заңнаманың түрлі баптарының мағынасынан жиып алатынымызды қорытындылай кеткеніміз жөн. Бұл, өз алдына, құқыққолдану субъектілерінің аталған қағиданы түсіндіру қиындығына әкеліп соқтырады. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасындағы диспозитивтілік қағидасын нақты және айқынды жазу қажет. Шынымен де, азаматтық заңнаманың негізгі бастаулары мазмұнына, диспозитивтік қағидасының түсінікті мағынасына байланысты көптеген азаматтық істердің шешімі табылады. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығындағы нормаларды сипаттайтын әдіс, қағида және санат ретіндегі диспозитивтіліктің жалпы сипаттамасын – өз бастамасы бойынша азаматтық құқықтар мен міндеттерді иемдену мен жүзеге асыруда, азаматтық құқықтық қатынас субъектілерінің іштей әзірленген, құштарлық бағытын айтамыз. Қорытынды ретінде диспозитивтілік түсінігін қағида, әдіс және азаматтық құқық нормасын сипаттайтын санат ретіндегі заңнамалық қырлары анықталды және оның азаматтық-құқықтық қатынас шеңберіндегі аса маңыздылығы ашып көрсетеді. Яғни, диспозитивтілік азаматтық құқықтың қағидасы ретінде – оның құрылымын ұйымдастырады, азаматтық-құқықтық реттеу әдісінің белгісі ретінде – оның әрекетін қамтамасыз етеді, ал құқық нормасын сипаттайтын санат ретінде – азаматтық құқықтық қатынас субъектілерінің қандайда бір әрекетін жүзеге асырудың баламасын жасайды.

Кілт сөздер: цивилистика, құқық қағидасы, құқықтық норма, құқықтық санат, әдіс, азаматтық құқық, азаматтық-құқықтық қатынас, азаматтық құқықтық қатынас субъектісі, диспозитивтілік қағидасы, императивтік норма.

Диспозитивтілік – құқықтану ғылымының әртүрлі саласында қолданатын маңызды құқықтық санат болып табылады. XX ғасырдың соңынан бастап диспозитивтілік (лат. *dispono* – еркінде болу, орналастыру) ұғымына ерекше көңіл бөліне бастады, себебі демократиялық мемлекетте тұлғаның құқықтық мәртебесін жетілдіру проблемасына назар аудару көбейіп жатты.

Дәстүрлі түрде диспозитивтілік мәселесі тек қана азаматтық іс жүргізу (азаматтық сот ісін жүргізу) саласында қарастырылады. Сонымен бірге кеңестік кезеңде қоғамдық қатынасты реттеудің әдісі ретінде жекелеген диспозитивтілік мәселелері В.Ф. Яковлев, О.А. Красавчиков, В.М. Семеновтың еңбектерінде қарастырылған [1; 323]. Алайда бүгінгі күні диспозитивтіліктің салааралық сипатының бары ақиқат. Бұл орайда Қазақстан Республикасының қылмыстық процесіндегі диспозитивтілік ұғымын қарастырған біздің әріптесіміз А.Е. Мүсілімовтің жұмысы үлкен назар аударады [2; 12].

Сонымен, азаматтық құқықтағы диспозитивтілік дегеніміз не екен? Жалпы мағынада диспозитивтілік қимылды таңдаудың еркіндігі болып табылады.

О.Ю. Глухованың пікірінше, жалпытеориялық контекстінде диспозитивтілік институты материалдық құқық нормасында бекітілген субъективтік құқықты жүзеге асырудың (иемдену, іске асыру, басқару) заңи еркіндігі (мүмкіндігі) бар, процессуалдық құқық нормасында бекітілген қорғау құралдарымен басқаратын құқықтық нормалар жиынтығы болып табылады [3; 10].

Р.Б. Брюхованың ойынша, диспозитивтілік кең мағынада (жалпы, бастапқы) субъективтік азаматтық құқықты және заңи міндеттерді алу, мәміле жасасқанда заңның диспозитивті нормасымен белгіленген ережелерден шегіну жолымен қоса алғанда, субъективтік азаматтық құқық құрылымын айқындау еркіндігін сипаттайды.

Ал диспозитивтілік қысқа мағынада (жеке, туынды) субъективтік азаматтық құқықты жүзеге асыру мен бұзылған құқықтарды қорғау нысаны (тәртібі) мен әдісін қолдану, сонымен қатар азаматтық-құқықтық жауаптылыққа тартудың көлемі мен нысанын таңдау еркіндігі болып саналады [4; 15].

Диспозитивтілік заманауи құқықтық әдебиетте екіжақты мәртебеге ие, яғни, бір жағынан, құқық қағидасы ретінде, ал, екінші жағынан, азаматтық құқықтық және процессуалдық реттеу әдісінің белгісі ретінде қарастырылады.

Біздің ойымызша, азаматтық құқық нормаларын сипаттайтын категория ретіндегі сарапталып отырған диспозитивтілік түсінігінің үшінші мәртебесін де ұмытуға болмайды. Олай болса, белгіленген жоспарға сай диспозитивтілік ұғымын қарастыралық.

Азаматтық құқық қағидасы ретіндегі диспозитивтілік

Азаматтық құқық қағидасы мәселелерінің тарихы терең. Қазақстанның заманауи заң ғылымында әлі де көңіл аударылып келеді.

Құқық қағидасы ретіндегі диспозитивтіліктің нақты қасиеттерінің қатарына іргелік, тұрақтылық, әмбебаптылық, салааралық қасиет және көрсету нысанының алуантүрлілігі жатады. Азаматтық құқықтағы диспозитивтіліктің нормативтік негізі ретінде азаматтық құқықтың барлық нормалары болып табылады, себебі олардың барлығы да құқық шегін белгілейді.

Қазақстан Республикасының Президентінің 2009 жылдың 24 тамыздағы № 858 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010–2020 жылдар аралығындағы құқықтық саясат тұжырымдамасы ұлттық құқықты дамытудың негізгі бағыттарын айқындайды. Өзінің материалдық және процессуалдық құқығына өз дегенінше иелік етуші тұлғалардың іске қатысуға мүмкіндігін көрсететін диспозитивтілік қағидасын қолдану аясын кеңейту қарастырылады. Бұл орайда жария мүдделерін қарастыратын азаматтық-құқықтық қатынастарға диспозитивтілік қағидасын қолдануға болмайтынын ескерген жөн [5].

Сонымен, құқықтық реформалау бойынша іс-қимылдар стратегиясын анықтайтын негізгі құжатта диспозитивтілік қағидасын қолдану аясын кеңейту бекітілген, бірақ қолданыстағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде (бұдан әрі – ҚР АҚ) аталған қағида нормативті бекітілмеген. ҚР АҚ 2-бабында азаматтық заңнаманың негізгі бастаулары бекітілген, сонымен бірге оның 2-тармағында диспозитивтілік қағидасын ашатын ережелер орын алған, яғни азаматтар мен заңды тұлғалар өздерінің азаматтық құқықтарына өз еркімен және өз мүддесін көздей отырып ие болады және оларды жүзеге асырады, сондай-ақ егер заңнамалық актілерде өзгеше белгіленбесе, құқықтарынан бастартады. Олар шарт негізінде өздерінің құқықтары мен міндеттерін анықтауда және оның заңнамаға қайшы келмейтін кез келген талаптарын белгілеуде ерікті [6].

Цивилистикада диспозитивтілік қағидасының мазмұнын «тыйым салынбағанның барлығына рұқсат» пікірімен теңестіреді. Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасы нормаларын талдай отырып, диспозитивтілік қағидасының бұдан әрі орын алуы ҚР АҚ 8-бабында «Азаматтық құқықты жүзеге асыру» бекітілгендігі жөнінде тоқтамға келеміз. Яғни, азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген азаматтық құқықтарды, соның ішінде өздерін қорғау құқығын өз қалауынша пайдаланады. Азаматтар мен заңды тұлғаларға тиесілі құқықтардың жүзеге асырылмауы, заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, бұл құқықтардың тоқтатылуына әкеп соқпайды (ҚР АҚ 8-б. 1-және 2-т.).

Алайда аталған қағиданың орындалуы өзге азаматтық құқық субъектілерінің мүдделерін бұзбауы тиіс. ҚР АҚ 8-б. 3-тармағына сәйкес, азаматтық құқықтарды жүзеге асыру басқа құқық субъектілерінің құқықтарын және заңдармен қорғалатын мүдделерін бұзбауға, айналадағы ортаға зиян келтірмеуге тиіс [6]. Сондықтан азаматтық-құқықтық қағидасы диспозитивтілікті «бірінің бостандығы басталған жерден екіншісінің бостандығы аяқталады» деп аталатын белгілі фәлсафалық тұжырымға қосуымыз керек. Сондықтан да цивилисттер диспозитивтілік қағидасын өздігімен талқылағанымен, бірақ оның нормативтік-құқықтық нақты түсінігі жоқ, тек біздер бұл түсінікті азаматтық заңнаманың түрлі баптарының мағынасынан жиып алатынымызды қорытындылай кеткеніміз жөн. Бұл, өз алдына, құқыққолдану субъектілерінің аталған қағиданы түсіндіру қиындығына әкеліп соқтырады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасындағы диспозитивтілік қағидасын нақты және айқынды жазу қажет. Шынымен де, азаматтық заңнаманың негізгі бастаулары мазмұнына, диспозитивтік қағидасының түсінікті мағынасына байланысты көптеген азаматтық істердің шешімі табылады.

Азаматтық құқық әдісі ретіндегі диспозитивтілік

Жеке құқық ретіндегі азаматтық құқық үшін, диспозитивтік әдіс – құқықтық қатынасқа қатысушыларының теңдік әдісі тән екені бәрімізге белгілі. Аталған әдістің аса маңызды белгілері:

- азаматтық қатынас қатысушыларының теңдігі;
- ерік автономиясы;

- азаматтық құқық қатынастарына қатысушылардың мүліктік дербестігі;
- бұзылған азаматтық құқықтарды қорғау;
- азаматтық жауаптылық.

Тізімделген әрбір диспозитивтік әдістер азаматтық-құқықтық нормаларда іске асырылады. Аталған белгілерді мысалдармен қарастырып көрелік.

Азаматтық қатынас қатысушыларының теңдігі

Жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, әкімшілік-аумақтық бөліністер мен мемлекет – Қазақстан Республикасының азаматтық құқық субъектілері – меншіктенушілер, яғни олар өздеріне тиесілі барлық мүлікті өз қалауынша иеленуге, пайдалануға және иелік етуге тең құқылы болып табылады. ҚР АҚ 188-бабының 1-бөлігіне сәйкес талдау арқылы аталған қорытындыны жасауға болады, яғни меншік құқығы дегеніміз – субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы [6].

Ерік автономиясы дегеніміз дербес және еркін түрде өзінің еркісін қалыптастырып, көрсете білетін тұлғалардың мүмкіндігі мен қабілеті болып табылады. Мысалы, ҚР АҚ 7-б. азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болу негіздері тізімделген, сондай-ақ аталған баптағы тізімделген сегіз бөліктің ішіндегі келісім субъектілер өздерінің ерік білдіруіндегі тең және дербес бастамалы еріктік акті екенін белгілегеніміз жөн.

Азаматтық құқық қатынастарына қатысушылардың мүліктік дербестігі дегеніміз мүліктік қатынас субъектілері окшау мүлік иегерлері ретінде кіреді. Сонымен, меншігіндегі мүлікті құқықтану, заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген мәміле жасасып, міндеттемелерге қатысу құқықтары азаматтың құқыққа қабілетінің негізгі мазмұнына кіреді (ҚР АҚ 14-б.). Заңды тұлғаның мүліктік дербестігі ҚР АҚ 33-бабында көзделген, сондай-ақ оның негізгі белгілері, яғни меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы окшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға деп танылады [6].

Бұзылған азаматтық құқықтарды қорғау

Азаматтық құқықтық қатынас қатысушылары бұзылған құқықтарын қорғауға тең құқылы. Осы орайда ҚР АҚ 9-б. 1-б. сәйкес, бұзылған құқықты қорғаудың негізгі әдісі сот арқылы қорғау (сот, арбитраж не аралық соттармен). Алайда заң актілерінде арнайы көзделген жағдайларға сәйкес, өзін-өзі қорғауды жүзеге асыруға жол беріледі (құқықтары бұзылған тұлғаның тікелей нақты немесе заңи әрекеті) (ҚР АҚ 9-б. 3-б.).

Азаматтық жауаптылық шығын мен зардапты толықтай орнын толтырғу қағидасына жауап беру қажет. ҚР АҚ 9-б. 4-б. сәйкес, құқығы бұзылған адам, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, өзіне келтірілген залалдың толық өтелуін талап ете алады [6]. Сондықтан құқықбұзушы тұлғаға емес (әкімшілік құқықтағы) және қылмыскер тұлғасына емес (қылмыстық құқықтағы), яғни оның мүлігіне, ықпал етеді. Жеке мүліктік емес құқықтарды қорғау да осындай талаптарға жауап береді. Мысалға, ҚР АҚ 952-б. 1-б. моральдік зиян ақшалай нысанда өтеледі [7].

Қазақстан Республикасының азаматтық құқығындағы диспозитивтік нормалар. Заң әдебиеттерінде диспозитивтік нормалар тек азаматтық құқыққа ғана тән екендігі жөнінде пікірлер қалыптасқан. Бірақ қолданыстағы заңнамаға талдау жұмыстары көрсеткендей, диспозитивтік сипаттағы құқықтық нормалар әрбір құқық саласында кездеседі. Азаматтық құқықта императивтік нормалар да кездеседі, мысалы, ҚР АҚ 178-б. 1-б. талап қоюдың жалпы мерзімі үш жыл болып белгіленетіндігі көрсетілген, сонымен қатар ҚР АҚ 168-бабының 1-бөлігінде сенімхат үш жылдан аспайтын мерзімге берілуі мүмкін [6] екендігі жазылған.

Императивтікке қарағанда, диспозитивтік нормалар құқықтық қатынас қатысушылары келісіміне (шартына) сәйкес мінез-құлық ережелерінде көзделген өзгерістерге жол бере алады. Мысалы, ҚР АҚ 359-б. 1-б. сай, борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді [6].

Негізінен, диспозитивтік норма түсінігі ҚР АҚ 382-б. орын тапқан. Аталған баптың бірінші бөлігі мазмұнынан, яғни диспозитивтік норма дегеніміз егер тараптардың келісімімен өзгеше белгіленбесе, заңнамаға сәйкес жүзеге асырылатын норма болып табылатыны шығады.

Диспозитивтілік норманың классикалық мысалы ҚР АҚ 285-бабында көзделген, яғни екі немесе бірнеше әрекеттің бірін жасауға міндетті борышқорға, егер заңдардан немесе міндеттеменің шарттарынан өзгеше туындамаса, таңдау құқығы берілетіні, баламалы міндеттемені орындау болып табылады [6].

Сонымен қатар императивтік және диспозитивтік нормалардың сандық арақатынасын қарастыратын болсақ, С.И. Климкиннің пікірінше, азаматтық құқықтың аса демократияшыл ішкі саласы – шарт құқығы, шарт бостандығы қағидасы толық шамада орындалуы қажет болса, ал 90 % императивтік нормалардан тұрады [8].

Сонымен, Қазақстан Республикасының азаматтық құқығындағы нормаларды сипаттайтын әдіс, қағида және санат ретіндегі диспозитивтіліктің жалпы сипаттамасын – өз бастамасы бойынша азаматтық құқықтар мен міндеттерді иемдену мен жүзеге асыруда, азаматтық құқықтық қатынас субъектілерінің іштей әзірленген, құштарлық бағытын айтамыз.

Бұл орайда диспозитивтілік азаматтық құқықтың қағидасы ретінде – оның құрылымын ұйымдастырады, азаматтық-құқықтық реттеу әдісінің белгісі ретінде – оның әрекетін қамтамасыз етеді, ал құқық нормасын сипаттайтын санат ретінде – азаматтық құқықтық қатынас субъектілерінің қандайда бір әрекетін жүзеге асырудың баламасын жасайды.

Диспозитивтіліктің біртұтас азаматтық-құқықтық санаты құрамында дербес элемент ретінде, азаматтық құқықтық қатынас субъектілерінің мүдде, ерік, бастама және дербес қарауын бөліп қарастыруға болады. Бұл орайда азаматтық құқықты иемдену мен жүзеге асыру жөніндегі мақсаттылық қызметті жүзеге асырудың ниеті мен мінез-құлық нұсқасын таңдауды біле-тұра ниеті ерік болады; мүдде болса, қандай да бір игілікке ұмтылу, сондай-ақ қандай да бір игілік бойынша өзіндік қатынасы; диспозитивтілік элементі ретіндегі бастама, бұл – өзінің мінез-құлқын анықтаудағы субъектінің бостандығы, қандай болмасын әрекеттегі нақты басшылық етуші рөлі; дербес қарауы болса, заңмен тыйым салынбаған кез келген әдіспен субъектіге тиесілі құқықты жүзеге асыру, сондай-ақ аталған құқықты жүзеге асырмау мүмкіндігі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Яковлев В.Ф. Гражданско-правовой метод регулирования общественных отношений / В.Ф. Яковлев. — Свердловск, 1972. — С. 85; Красавчиков О.А. Диспозитивность в гражданско-правовом регулировании / О.А. Красавчиков // Советское государство и право. — 1970. — № 1. — С. 41–49; Советский гражданский процесс: учебник / отв. ред. К.И. Комиссаров, В.М. Семенов. — М.: Юрид. лит., 1978. — 432 с.
- 2 Мусилимов А.Е. Диспозитивность в уголовном процессе Республики Казахстан: автореф. дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.09 – «Уголовный процесс, криминалистика» / А.Е. Мусилимов. — Караганда, 2004. — 30 с.
- 3 Глухова О.Ю. Институт диспозитивности в праве: автореф. дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.01 – «Теория и история права и государства» / О.Ю. Глухова. — Тамбов, 2009. — 25 с.
- 4 Брюхов Р.Б. Диспозитивность в гражданском праве России: автореф. дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.03 – «Гражданское право, предпринимательское право, семейное право, международное частное право» / Р.Б. Брюхов. — Екатеринбург, 2006. — 29 с.
- 5 «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000858_
- 6 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Қазақстан Республикасының Кодексі [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_
- 7 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім). 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Қазақстан Республикасының Кодексі [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_
- 8 Климкин С.И. Гражданское право и цифры [Электронды ресурс]. — Режим доступа: <http://m.zakon.kz/4629322>.

Ж.С. Сейтаева, Т.Г. Маханов

Диспозитивность в гражданском праве Республики Казахстан: как принцип, как метод и как категория, характеризующая нормы гражданского права

В статье рассмотрены особенности принципа диспозитивности в гражданском праве Республики Казахстан и его роль в юридической науке. Несмотря на то, что цивилисты достаточно часто оперируют таким понятием, как принцип диспозитивности, авторы отмечают, что само понятие не имеет четкой нормативно-правовой формулировки, а собирается из смысла различных статей гражданского законо-

дательства. Это, в свою очередь, приводит к затруднению уяснения указанного принципа субъектами правоприменения. Необходима более четкая и определенная прописанность принципа диспозитивности в гражданском законодательстве Республики Казахстан, так как от содержания основных начал гражданского законодательства, наличия в нем внятной формулировки принципа диспозитивности зависит решение многих гражданских дел. Общей характеристикой диспозитивности в гражданском праве как метода, как принципа и категории, характеризующей нормы гражданского права, можно назвать внутренне выработанную, заинтересованную направленность субъектов гражданских правоотношений по своей инициативе приобретать и осуществлять гражданские права и обязанности. В итоге авторы раскрывают понятие диспозитивности как принципа, метода и категории, характеризующей нормы гражданского права, а также отмечают ее особую значимость в сфере гражданско-правовых отношений. При этом диспозитивность как принцип гражданского права организует его структуру, как черта метода гражданско-правового регулирования обеспечивает его действие, а как категория, характеризующая норму права, создает альтернативу осуществления субъектом гражданского правоотношения того или иного действия.

Ключевые слова: цивилистика, принцип права, правовая норма, правовая категория, метод, гражданское право, гражданско-правовые отношения, субъект гражданского правоотношения, принцип диспозитивности, императивная норма.

Zh.S. Seitayeva, T.G. Makhanov

Dispositiveness in civil law of the Republic of Kazakhstan: as a principle, as a method and as a category characterizing the norms of civil law

The article considers the features of the principle of disposability in the civil law of the Republic of Kazakhstan and its role in the legal science. It is stated that despite the fact that civilians often operate with such a concept as the principle of disposability, the very concept does not have a clear normative legal formulation, we collect this concept from the meaning of various articles of civil legislation. This, in turn, leads to the difficulty of clarifying this principle by the subjects of law enforcement. In this regard, it is necessary to have a more precise and definite prescriptiveness of the principle of disposability in the civil legislation of the Republic of Kazakhstan. After all, the content of the main principles of civil legislation, the presence in it of a clear formulation of the principle of disposability, depends on the decision of many civil cases. A common characteristic of disposability in civil law as a method, as a principle and category, characterizing the norms of civil law can be called the internally developed, interested direction of subjects of civil legal relations on their own initiative to acquire and exercise civil rights and obligations. As a result, the authors disclose the notion of disposability as a principle, method and category that characterizes the norms of civil law, and also note its special significance in the sphere of civil law relations. At the same time, disposability as a principle of civil law -organizes its structure as a feature of the civil law regulation method - ensures its operation, but as a category characterizing the rule of law - creates an alternative to the implementation of a civil legal relationship of an action.

Keywords: civil law, the principle of law, the legal norm, the legal category, method, civil law, civil relations, the subject of civil legal relationship, the principle of disposability, the imperative norm.

References

- 1 Iakovlev, V.F. (1972). *Hrazhdansko-pravovoi metod rehulirovaniia obshchestvennykh otnoshenii* [Civil-law method of regulation of public relations]. Sverdlovsk [in Russian]; Krasavchikov, O.A. (1970). Dispozitivnost v hrazhdansko-pravovom rehulirovanii [Dispositiveness in civil law regulation]. *Sovetskoe gosudarstvo i pravo – Soviet state and law*, 1, 41–49 [in Russian]; Komissarov, K.I., & Semenov, V.M. (Eds.). (1978). *Sovetskii hrazhdanskii protsess* [Soviet civil procedural law]. Moscow: Yuridicheskaya literatura [in Russian].
- 2 Musilimov, A.E. (2004). Dispozitivnost v uholovnom protsesse Respubliki Kazakhstan [Dispositiveness in criminal process of the Republic of Kazakhstan]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Karaganda [in Russian].
- 3 Glukhova, O.Yu. (2009). Institut dispozitivnosti v prave [Institute of dispositive in law]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Tambov [in Russian].
- 4 Briukhov, R.B. (2006). Dispozitivnost v hrazhdanskom prave Rossii [Dispositiveness in the Civil Law of Russia]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Ekaterinburg [in Russian].
- 5 «Kazakstan Respublikasynyn 2010 zhyldan 2020 zhylyha deiinhi kezenhe arnalhan kutyktyk saiasat tuzhyrymdamasy turaly» Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2009 zhylyhy 24 tamyzdahy №858 Zharlyhy [«On Conception of legal policy of the Republic of Kazakhstan for the period from 2010 to 2020» The Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated 24 August 2009 No. 858]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000858> [in Kazakh].
- 6 Kazakstan Respublikasynyn Azamattyk kodeksi (Zhalpy bolim) 1994 zhyly 27 zheltoksan № 268-XIII [Civil code of the Republic of Kazakhstan (The general part) of December 27, 1994 No. 268-XIII, 1994, 27 December]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> [in Kazakh].

7 Kazakstan Respublikasynyn Azamattyk kodeksi (Erekshe bolim) 1999 zhyl 1 shilde № 409 [Civil code of the Republic of Kazakhstan (The special part) of July 1, 1999 No. 409, 1999, 1 July]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_. [in Kazakh].

8 Klimkin, S.I. Hrazhdanskoe pravo i tsifry [Civil law and figures]. *m.zakon.kz*. Retrieved from <http://m.zakon.kz/4629322>. [in Russian].